



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

отличным антикризисным средством [5].

Таким образом, туризм развивает местную инфраструктуру, создает новые рабочие места, инициирует приток валюты в страну, обеспечивает поступления в государственный и местный бюджеты, оказывает стимулирующее воздействие на обслуживающие отрасли, осуществляющие вспомогательные и сопутствующие по отношению к туризму виды деятельности.

Список использованных источников

1. www2.unwto.org/ru – Официальный сайт Всемирной Туристской Организации
2. Александрова А.Ю. Международный туризм. - М.: Кнорус, 2010.
3. Смирнова О. А. «Особенности развития делового туризма в Европейском регионе: Туризм и культурное наследие» / Межвузовский сборник научных трудов. – Саратов, 2006.
4. Чудновский А.Д. Туризм как форма привлечения инвестиций. - М.: Экономика, 2009
5. Сарапкин Ю. Пришло время MICE // Сайт: www.conference.ru

ӘОЖ: [338.46:64.024.32]:553.1(574)

БАЯНАУЫЛ – ТУРИСТІК БРЕНД РЕТІНДЕ

Кабышова Г., Оралов А.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының
студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Турысбекова Г.К

Қазақстанда кейінгі жылдары туризм көпшілікті қамтитын ең дамыған демалыс түріне айналып келеді. Туған өлкеде туристік саяхат жасау - дене шынықтырумен бірге адамның дүние танымын да өсіреді, мәдени және рухани жағынан көтереді, сол сияқты адамның денсаулығын жақсартып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі - Қазақстанның экономикасын көтеріп, халықтың әл-ауқатын жақсарту болса, оның бір жолы - туризм.

Баянауыл өлкесінің сұлу табиғатының ортасы – Баянауыл тауларының жоталар аймағы жасыл орманға бөленген биік тау қиялары, күмістей мөлдір көлдері, жұпар иісі аңқыған гүл жамылған алаңдары, жидекті – жемісті табиғи баққа толы сай – салалары, сарқырап аққан бұлақтары, таңғажайып жаратылған жартастары мен тау шындары, самал ауасы жанға сая болған бұл таулы алқапты халық ежелден Сарыарқаның «Жер ұйығы» атаса, қазірде Қазақстанның «Швейцариясы» атайды.

Баянауыл Павлодар қаласынан 222 км және индустриясы дамыған Екібастұз қаласынан жүз километр жерде орналасқан (1-сурет) . Баянауыл таулы елінің территориясында тұщы сулы 3 ірі көл: Сабындыкөл, Жасыбай және Торайғыр көлдері орналасқан. Олардан басқа шағын көлдер көп, кейбіреуі құрғақшылық кезде тартылып қалады [1].



1-сурет. Павлодар облысының картасы

Ең ірі көл — Сабындыкөл (тура аудармасы — «мыльное озеро»), оның жағасында Баянауыл кенті орналасқан. Көл өзінің ерекше, жұмсақ суына байланысты солай аталған.

Ең мөлдір және көлемі бойынша екінші көл — Жасыбай көлі, ол таулар арасындағы қазаншұңқырда орналасқан. Жасыбай жағажайынан ашылатын көркем көрінісіне және өзінің таза суына байланысты шомылуға арналған тартымды көлдердің бірі болып табылады. Аңыз бойынша жағада басқыншылармен шайқасқан кезде қаза тапқан қазақтың Жасыбай батыры құрметіне аталған болатын.

Торайғыр көлемі жағынан үшінші және теңіз деңгейінен барынша жоғары орналасқан көлдердің бірі болып табылады. Оның суы Жасыбаймен салыстырғанда соншама мөлдір емес, сондықтан ол шомылуға келе қоймайды, бірақ онда көптеген балық түрлері бар, әсіресе сазан, осыған байланысты бұл көл көптеген балықшыларды қызықтырады. Бұл көл балалық шағы осы жерде өткен қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров құрметіне осылай аталған (көлдің жанында орналасқан аттас кентте және ақынның құрметіне аталған мұражай жұмыс істейді). Мұнда ерекше Майқайың - Майлы қайыңы өмір сүреді, ондай ешқайда жоқ, тек осында ғана бар. Оның ерекше балауыз себіндісімен көмкерілген жапырақтары оған ызалы жел мен аптап ыстықты жеңуге көмектеседі. Бүкіл әлемде он шақтысы ғана қалды. Ал мәрмәр тау-құздардың сұлулығы өзіндік ерекшелігімен тіпті қайталанбастай. Олардың басым көпшілігі табиғаттың ғажайып туындысы болып табылады. Олар адамға керемет әсер етеді — біреуі тамсандырады, басқасы ойға шомдырады, мүсіндік кейпінде қатал жалғандық көрінетін үшіншісі - қанағатсыздық сезімін ұялатады, көп нәрсені өзгерткің, түзеткің келеді [2].

Баянауыл ауданының атауын жиі қазақтың тамаша Джульеттасымен байланыстырады. Тағдыры адамзаттың өмірі мен әлемдегі шығармашылыққа берілген бар уақыт бойына өмір сүретін әйгілі лирикалық поэмасының пайда болуының бастауы болған Джульеттаның атымен. Қазақстан шын мәнінде жаңаның қайнар көзі! Аталудың ендігі нұсқасы өзгеше. Озық гуманист, белгілі ағартушы Ш. Уәлиханов Баянауыл /Баян-Ола/ сөзін Аманшылық, Асқақтықтың бақытты таулары деп талдаған. Бұл жердің микроклиматы ең сұрапыл деген қыстарда малды қыстан аман-есен алып шығуға мүмкіндік қалдырады [3].

Туристерді Баянауылда көп ғасырлар бойы желмен және сумен мүжілгендігі

нәтижесінде ғажайып кескіндерге айналған, кейбір кезде жануарларға, адамдарға немесе таудан түсіп келе жатқан жүк машинаға ұқсайтын жеке шыңдар мен тастар ерекше қызықтырады. Әйгілі шыңдардың арасында — «тас бас» мүсіні, оның «Кемпір тас» деген атауы кең тараған. Белгілі бір жағынан байқап қарағанда ол шынымен шашсыз, тіссіз, кекесін зұлымдықпен күліп тұрған кемпірдің басына ұқсайды. Ғажайып түрдегі басқа тастардың арасында – түйе, мамонт пен горилланың бастары, А.С. Пушкиннің қырынан қарағандағы сұлбасы, ұшатын тарелка, динозавр, көгершін, жылқының басы және көптеген басқа да тастар бар. Шыңға өрмелеушілер арасында Бөлке тауы және Ер жүректілер шыңы, сондай-ақ ең биік тау ретінде Ақбет тауы кең тараған. Бөлке тауының шыңында құрғақшылық кезінде тартылатын алты көл орналасқан. Бұндағы көз тартар жер — «киелі үңгір», сенімдер бойынша үңгірге кірген әрбір адам оның қабырғасына алақанын қойып тілек тілесе, одан кейін шыға беріске басын бұрмай үңгірден шықса, оның тілегі орындалады деп есептеледі. Сонымен бірге үңгір баласы жоқ ата-аналарға балалы болуға көмектеседі деген сенім бар, ол үшін үңгірде арнайы рәсім орындау керек екен. Бұның рас-өтірігіне қарамастан, үңгірге кіруге болатын күндері туристер көптеп келіп жатады [5].

Туризмді дамыту мүмкіншіліктері:

- 1) Табиғаттың ғажайып орындары. (Әулие үңгір, Кемпіртас, Найзатас, Әулие бұлақ т.б.)
- 2) Тарихи атаулы орындар, ұлы адамдардың туған жері, аттас елді мекен.
- 3) Экономикалық жағдайы. Мал шаруашылық өнімдерін ауыл адамдары делдалсыз өткізу.
- 4) Емдік-сауықтыру орындарын ашу.
- 5) Әрбір туристер тұрақтайтын орынға арнаулы мамандандырылған адамдар тағайындалады.

Қазіргі жер, су, ауаның тазалығы мақтанарлықтай емес, көлдердің түбі лас шөгінді басқан, бұлақтардың көзі ашылмаған. Осының барлығын тазарту керек. Су шоғырларын салуға болар еді және әр маршрутқа барар жолдар жасалуды қажет етеді. Орманға да белгіленген жолмен ғана барып, арнаулы орындарға ғана демалып қайтуға жолдар жасалып, жағдай жасалуы қажет. Мысалы: Жасыбай батырдың басына дейінгі ұзақ жолды жаяу жүріп барады. Бұған кейбір адамдардың жағдайы келмейді т.б. жолдар. Әулие үңгірге бару үшін арнаулы баспалдақ салуға болар еді. Осыған орай Баянауылда туризмді дамыту жолдарын қарастырылған:

- 1) Туризмді дамытудың материалдық базасын нығайта отырып, қаржымен қамтамасыз ету. Ол үшін: а) Үкімет тарапынан үлкен көлемді қаржы бөлу. б) Инвестиция тарату;
- 2) Қаржы көзін табу мәселесі шешілген соң, адамдардың дем алуына, туристік саяхатқа жан-жақты барлық, мүмкіндік жағдай жасалуы керек;
- 3) Адамдардың табиғаттың төрт мезгілінде демалуына жағдай жасау, демалушыларға қажетті ет, сүт, көкөніс өнімдерін алыстан тасымалдамай, Баянауыл төңірегінде шағын өндірістер ашу, талапқа сай жабдықталған дәрігерлік пункттер ұйымдарын орнату;
- 4) Ұлттық табиғи саябақты бұрынғы табиғи қалпына келтіру үшін оны қоршауға алып, табиғаттың көркі аң-құстар өсіру бұғы, марал, бұлан, арқар қатарлы аңдарды өсіру, ауа райының қолайсыз жағдайларында оларды жем-шөппен қамтамасыз ету;
- 5) Демалушылардың жүретін жол түрлерін: автожолдар, тротуарлар жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) Табиғат көркіне сәйкес озық үлгідегі көз тартарлық құрылыс нысандарын салу;
- 7) Табиғаттың өзгерісін орнына келтіріп, су көздерін ашу арқылы тоғандарды салу, өсімдіктерді қалпына келтіру, кейбір жеміс ағаштарын отырғызатын орындар ашу;
- 8) Табиғаттың ғажайып мүсіндері мен ерекше жерлерді дүниежүзілік ерекше қорғалатын мүсіндерге енгізу жағына жұмыстар жасап, қорғауға алу.

Бүгінге жер жәннаті Баянауыл өңіріне келімді-кетімді кісі көп, жадыраған жаз маусымда көгілдір таулы, айдынды көлді аймақтың сұлулығын тамашалап, кәусар ауасын

кеудені кере жұтып, күнге күйдірініп, суға шомылғанға не жетсін.

Осы күнгі жұрт жер жұмағын алыстан іздеп, қыруар қаражатты шығын еткенше, іргедегі тамаша демалыс аймағын қалайды. Бұған соңғы жылдары облыс әкімдігі бас болып, Баянауыл ұлттық табиғи паркін туризм ордасына айналдыруды мақсат еткен, оны жүзеге асыра бастауы игі әсер еткені анық. Өңірімізді, соның ішінде Жасыбай демалыс аймағын өркениетті елдердегідей жоғарғы деңгейдегі қызмет орнына айналдыруға көп күш-жігер жұмсалуда. Табиғат анаға жанашырлықпен қарау, айналаны таза ұстау, демалысты талап деңгейінде ұйымдастырылады. Әлемнің көптеген елдерінде жер жәннатында тұратын халықтың жағдайы қашан да нашар болмайды. Өйткені, әлеуметтік жағдайлары жоғарғы туристер демалыс жеріне ақшасын қалдырып кетуге әуес болады. Тек өнімді ұсынып, немесе қызметінді көрсете білу керек.

Қорыта айтқанда, Баянауылда туризмді дамытуға тәжірибе жинақталып келеді. Баянауылға келген демалушылар тынығып, денсаулығын түзей отыра, табиғаттың керемет ғажайып жерлерімен танысып, өзінің танымын ұлғайтып қайтады, бірақ та әлі де көптеген кемшіліктер бар, сондықтан да Баянауылды туристік брендке айналдыру үшін бізге әлі де көптеген жұмыстар жасап, жоғарыда айтылып кеткен кемшіліктерді түзетіп, басқа да іс-шараларды жүзеге асыру керек. Қазақстанның әр аймағының сұлулығын, табиғатының байлығын бағалап, оны тиімді әрі туристік мақсатта ұтымды көрсете алу, болашақта еліміздегі туризмнің деңгейін көтеру – біздердің, яғни жастардың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алпысбекұы М. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы. Астана, 2005.132б.
2. Артықбаев Жамбыл Омарұлы, Баянауыл / Ж.О. Артықбаев.- Астана: Фолиант, 2009.- (Менің Отаным - Қазақстан).
3. Алиева.Ж.Н.Туризмология негіздері.Алматы .-Қазақ университеті. 2004. 74б.
4. Дәулетжанов С. Баянауыл 180 жыл. -Павлодар, 2006
5. <http://www.pavlodar.gov.kz/>

ӘОЖ: [338.46:64.024.32]:659.1(574)

РЕБРЕНДИНГ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕЙРАМХАНА РЕБРЕНДИНГІН ДАМУ

Қалиев Ақсұлтан, Нурғали Абылайхан
aksultankaliyev@mail.ru

Астана қаласы . Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Экономика факультеті , Туризм кафедрасы ,1 курс студенттері , Тур-17 тобы
Ғылыми жетекші: Рустемова С.М.

Негізгі мағыналар :ребрендинг , бренд ,логотип , имидж ,маркетинг , менеджер , инновация, мониторинг , нарық, дифференциация, дистрибуция, аудит

Қазіргі заман өте жылдам қарқынмен дамуда,демек дәл сондай қарқынмен бәрі ескереді , сол себепті бизнесінді сәтті жүргізу үшін жаңа жағдайларға жедел бейімделу қажет .Бұл әртүрлі компаниялардың брендтарына тікелей қатысты. Бренд қандай танымал болса да, ерте ме , кеш пе оны жаңарту қажет болады .Оның себебі тек бренд уақыт талабына сай болмауы ғана емес , оның танымалдығы бірте-бірте зеріктіріп , бренд қызықсыз бола бастайды .Бұл мәселенің бәрін ребрендинг шешеді .

Ребрендинг-брендті өзгерту немесе оның құрауыштарын өзгерту іс-шаралар кешені .Мысалы: атауын , бренд рәмізін(логотип), стилін .Бұл өте ауқымды және көп деңгейлі процесс .[1]

Қысқаша, ребрендинг – брендті жаңарту .Көпшіліктің пайымдауынша бұл термин